Балалардың үйге қайтуы	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.		Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу

Тәрбиешілер: Баширова Лаура Қуанышқызы
Мұсагалиева Рита Ержанқызы

Тексерілді:_____
Әдіскер:Саттыкова А.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Балбөбек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 11.05.2026**	**Сейсенбі 12.05.2026**	**Сәрсенбі 13.05.2026**	**Бейсенбі 14.05.2026**	**Жұма 15.05.2026**
Балаларды қабылдау		Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу**

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Баланың бос уатын тиімді пайдалануды ұсыну. Суреттер қарау, боямақтар бояу сияқты айту	Психологтың кеңесі: Баланың эмоциялық реакцияларды тануға және оларды білдіруге көмектесу. Жауап беру мен түсіністік танытуын сұрау.	Ата-анаға кеңес: Баланың сөйлеу қабілетін дамыту үшін күнделікті сөйлесулер мен сөздер үйретудің маңыздылығы туралы айту. Тек сөздер ғана емес, сол сөздермен байланысты іс-әрекеттерді көрсету туралы ұсыну.	Психологтың кеңесі: Баланың балабақшаға бейімделу процесі (мінез-құлқы, эмоциялары, басқа балалармен қарым-қатынасы) туруалы әңгіме жүргізу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**Тақырыбы:** Біз не үйрендік? **Міндеті:** Өткен материалдарды бекіту, балаларды көпшілік алдында еркін сөйлеуге дағдыландыру. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Сиқырлы сандық» ойыны. Сандықтан шыққан сурет бойынша жаңылтпаш айту немесе ертегінің бір эпизодын баяу/жылдам баяндап беру. **Көркем әдебиет барысы:** Апта бойы жаттаған өлеңдерін мәнерлеп айтудан шағын сайыс өткізу. **Нәтиже:** Таныс ертегілерді сахналай алады; сөйлеу мәдениеті мен қарқыны жақсарады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Жаңбыр қалай жауады? **Міндеті:** Сөйлеу қарқынын бақылау және дыбыстарды (с, ш, ж) анық айтуға жаттықтыру. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Жаңбыр мен Жел» ойыны. Жаңбыр жауғанда «ш-ш-ш» дыбысын жылдам, ал жел соққанда «у-у-у» дыбысын баяу, созып айту. Сөйлеу қарқынын тәрбиешінің қолын көтеріп-түсіруі арқылы өзгерту. **Көркем әдебиет барысы:** Табиғат құбылыстары туралы қысқа тақпақты мәнерлеп жаттау. Күн күркіреп, күн жауды, Шөптер шөлін қандырды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Бірлік түбі — береке. **Міндеті:** Таныс ертегіні сахналауға баулу және кейіпкерлердің іс-әрекетін сөзбен сипаттау. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Кім не істеп жатыр?». Ертегідегі атаның, әженің, немеренің қимылдарын баяу қарқынмен сипаттап айту (Мысалы: «А-та ш-ал-қан-ды т-ар-та-ды»). **Көркем әдебиет барысы:** «Шалқан» ертегісін рөлдерге бөліп ойнау. Балалардың «Тарта-тарта суыра алмайды» деген фразаны дұрыс қарқынмен айтуын қадағалау. **Нәтиже:** Ертегі желісін түсінеді; ұжымдық	**Тақырыбы:** Тәтті сөздер. **Міндеті:** Жаңылтпаштар арқылы сөйлеу аппаратын жетілдіру және мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Жаңылмай айт». «Бал, бал, бал, Таттық біздер бал» деген сияқты жеңіл тіркестерді алдымен сыбырлап баяу, сосын қатты дауыспен жылдам айтқызу. **Көркем әдебиет барысы:** Достық туралы шағын өлеңді жаттау. Өлеңді айтқанда досының атын қосып айтуға ынталандыру. **Нәтиже:**

				сахналауға қатысады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	Жаңылтпашты мүдірмей айтады; өлеңді сезіммен жеткізеді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу		**Жаттығу кешені: №5 Қозғалтқышты қосу»:** Кеуде тұсында қолды айналдыру. «Бр-р-р!». **«Қанаттар»:** Қолды екі жаққа түзу ұстап, «У-у-у» деп бөлме ішінде жүгіру. **«Ұшақ қонды»:** Жайлап тізе бүгіп отыру.	**Жаттығу кешені: №6** **«Үлкен доп»:** Қолмен ауада үлкен шеңбер жасау. **«Доп секіреді»:** Жоғары секіріп, алақанмен тізені шапалақтау. **«Доп домалайды»:** Өз осінен бір айналу және қолды шапалақтау.	**Жаттығу кешені: №7 Тик-так»:** Қолды белге қойып, басты оңға және солға ию. **«Тілдері»:** Қолды алға созып, оңға-солға тербелу (маятник сияқты). **«Биік соғу»:** Қолды жоғары көтеріп, шапалақ ұру.	**Жаттығу кешені: №8 «Мысық керіледі»:** Қолды алға созып, арқаны иіп керілу. «Мияу!». **«Тышқан тығылды»:** Жүрелеп отырып, кішкентай болып жиырылу. **«Мысық жүгіреді»:** Аяқтың ұшымен дыбыссыз жүгіру.
Таңғы ас		Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гииенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

ҰІӘ дайындық		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Кедергілерден өту. **Міндеті:** Жүгіру жылдамдығын арттыру және допты лақтырып-қағып алуды бекіту. **Жүгіру:** Жылдам қарқынмен 20 метрге дейін жүгіру (жарыс түрінде). **Негізгі қимылдар:** Допты жоғары лақтырып, қағып алу. Еденге соғылған допты мүлт жібермей ұстау. **Секіру:** Белгіленген сызықтан 40 см қашықтыққа секіруді қайталау. **Нәтиже:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі мен реакциясы жақсарады. **Қауіпсіздік дағдылары** **Ойын: «Ыстық және суық»**. Үтіктің, шәйнектің суретін	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Төзімділік мектебі. **Міндеті:** Ұзақ жүгіру және гимнастикалық құралдармен жұмыс істеуді қорытындылау. **Жүгіру:** Тоқтамай баяу қарқынмен (60 секунд) жүгіру, соңында баяу жүруге көшу. **Еңбектеу мен өрмелеу:** Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, орта тұсына дейін барып, қайта түсу. **Спорттық жаттығу:** Велосипедпен «ирек» (слалом) жолмен жүру. **Нәтиже:** Ұзақ уақыт (1 минут) баяу жүгіруге төзімділігі жетеді; негізгі қимылдарды еркін орындайды. **Өнегелі минут «Сыйқырлы сөздер»**. Күн сайын «Сәлеметсіз	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Кедергілерден өту. **Міндеті:** Жүгіру жылдамдығын арттыру және допты лақтырып-қағып алуды бекіту. **Жүгіру:** Жылдам қарқынмен 20 метрге дейін жүгіру (жарыс түрінде). **Негізгі қимылдар:** Допты жоғары лақтырып, қағып алу. Еденге соғылған допты мүлт жібермей ұстау. **Секіру:** Белгіленген сызықтан 40 см қашықтыққа секіруді қайталау. **Нәтиже:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі мен реакциясы жақсарады. **Қаржылық сауаттылық дағдысы** **Тәжірибе: «Тиын салғыш (Копилка)»**.	**Музыка** **Тақырыбы:** Әуен сыры. **Міндеті:** **Металлафон** және **сыбызғымен** таныстыру, металлафонда ырғақпен қағып ойнау дағдысын қалыптастыру. **Музыка барысы:** Сыбызғының үрлемелі дыбысын тыңдату. Металлафонда бір пластинаны ырғақпен қағып ойнауды көрсету (мысалы, «Тіп-тіп-тіп» деп тамшы дыбысын шығару). Балаларға таяқшаны дұрыс ұстап, пластинаны дәл соғуды үйрету. **Нәтиже:** Металлафонда бір пластинада

		көрсетіп, «ыстық — тиісуге болмайды!» деп ескерту.	бе!», «Рақмет!», «Сау болыңыз!» сөздерін қайталап, оларды орынды қолдануды үйрету.	Бос құтыға тиындарды (немесе түймелерді) салып, оның сыңғырын тыңдау. «Ақшаны жинаймыз» деген түсінік қалыптастыру.	қарапайым ырғақты қағып ойнай алады. **Адалдық әліппесі бойынша Ойын: «Кім алды?»**. Егер бала ойыншықты алса, оны жасырмай, «Мен алдым» деп айтуға баулу. Шындықты айтқаны үшін ұрыспай, мақтау.
2-ші таңғы ас		«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенге дайындық		Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана,	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік,

				күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен		**Серуен картотекасы№8** **Бақылау:** Көктемгі жаңбырды (немесе бұлтты) бақылау. Жаңбырдан кейін құстардың көлшіктен су ішетінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Сулы және құрғақ құм». Құрғақ құмнан пішін жасалмайтынын, ал су сепкенде «бауырсақ» жасауға болатынын көру. **Еңбек:** Жаңбырдан кейін шашылып қалған ойыншықтарды жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен жаңбыр».** **Барысы:** «Күн шықты!» — балалар ойнайды. «Жаңбыр!» — тәрбиеші қолшатыр ашады, балалар соның астына тығылады. **Шығармашылық:** Саусақпен (немесе бормен) жаңбыр тамшыларын (нүктелер) салу. Адамгершілік, экологиялық білім,	**Серуен картотекасы №9** **Бақылау:** Аспанда ұшқан құстарды бақылау. Олардың биік ұшатынын көру. **Тәжірибе-зерттеу:** «Қай құс қалай сайрайды?». Үнтаспадан торғай, қарға, көгершін дауысын тыңдап, қай құс екенін табу. **Еңбек:** Ауладағы құстар жем жейтін жерді (кормушка) тазалау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты».** **Барысы:** Тәрбиеші: «Ұшты, ұшты — торғай ұшты!» десе балалар қол көтереді, «Машина ұшты!» десе қол көтермейді. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті тастардан құм бетіне «құс» бейнесін құрастыру Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру,	**Серуен картотекасы №10** **Бақылау:** Күннің шуағын бақылау. Күннің жылығанын, құстардың қуанғанын айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жылы күн». Алақанды күнге тосып, оның жылуын сезіну. «Күн қояншығын» айнамен қабырғаға түсіру. **Еңбек:** Ауланың шетіндегі жас шөптерді (ӱӱдӱд) жұлмауға, оны қорғауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құстардың мерекесі».** **Барысы:** Көңілді музыкамен балалар еркін билейді, музыка тоқтағанда бір орында «құс» болып қатып қалады. **Шығармашылық:** Сары бормен асфальтқа үлкен «Күннің көзін» салу. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу,	**Серуен картотекасы №11** **Бақылау:** Күн жылығанда торғайлардың көлшікке жиналып, қанаттарын қағып шомылатынын бақылау. «Шық-шық» деген қуанышты дауыстарын тыңдау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Құрғақ және сулы қауырсын». Құс қауырсынын суға малып, оның ауырлайтынын немесе суды қалай итеретінін көру. **Еңбек:** Көлшіктің айналасындағы қоқыстарды (қағаз, бұтақ) тазалау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен мысық».** **Барысы:** Балалар — «торғайлар», олар шеңберде секіріп жүреді. Тәрбиеші (мысық) «Мияу!» десе, торғайлар

		еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру,	эксперименттік жұмыс. Қоршаған әлеммен таныстыру	қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс Қоршаған әлеммен таныстыру	ұшып барып биікке (орындыққа) қонады. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс Қоршаған әлеммен таныстыру
Серуеннен оралу		дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас		Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгі ұйқы		балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен**

		Бауырсақ ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	**түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	**Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	**тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары		Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесін ас		Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі**

					қызмет ету)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		**Тақырыбы:** Теңестіруді үйренеміз. **Міндеті:** «Артық-кем» ұғымын бекіту және ойнап болғаннан кейін бөлшектерді санап жинауға дағдыландыру. **Математика негіздері барысы:** 5 қоянға 4 сәбіз беру. «Қайсысы кем?» деп сұрау. Бір сәбізді қосу арқылы «нешеу болды?» (тең болды) екенін түсіндіру. **Құрастыру барысы:** Қояндардың әрқайсысына арнап текшелерден «орындық» құрастыру. **Нәтиже:** Салыстыру кезінде «артық», «кем» сөздерін дұрыс қолданады. **Математика негіздері , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Үлкен және кіші кереуеттер. **Міндеті:** Заттардың көлемін қуыршақтың шамасына қарай таңдауды үйрету және жұмыс орнын ретке келтіру. **Математика негіздері барысы:** Тәрбиеші үлкен қуыршақ пен кішкентай қуыршақты көрсетеді. «Қай қуыршаққа үлкен орындық керек? Қайсысына кіші?» деп сұрау арқылы көлемдерді салыстыру. **Құрастыру барысы:** Текшелер мен тік төртбұрышты бөлшектерден қуыршақтардың бойына сәйкес келетін үлкен және кіші «кереуеттер» құрастыру. **Нәтиже:** Шамасына қарай заттарды «үлкен-кіші» деп дұрыс атайды; бөлшектерді жинайды. **Математика негіздері , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Қайсысы артық (кем)? **Міндеті:** Заттарды бір-бірден беттестіру арқылы санының артық-кемдігін анықтауды бекіту. **Математика негіздері барысы:** Алдымен 5 қызыл дөңгелек, сосын оның астына 4 көк дөңгелек қою. «Қай түсті моншақ артық? Нешеуі кем?» деген сауалдарға жауап алу. **Құрастыру барысы:** Жеңіл пластиктен немесе ірі тесікті бөлшектерден «моншақ» тізбегін құрастыру (немесе текшелерді тізбектеп қалау). **Нәтиже:** «Қайсысы артық?» сауалына саналы түрде жауап береді. **Математика негіздері , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Тар және кең қақпалар. **Міндеті:** Заттың жалпы шамасын (ені мен биіктігін) ескере отырып құрастыруға үйрету. **Математика негіздері барысы:** Екі түрлі ені бар қағаз жолақтарын салыстыру. «Қайсысы үлкен (кең)? Қайсысы кіші (тар)?» деп сұрау. **Құрастыру барысы:** Кірпіш бөлшектерді тігінен қойып, машиналар өтетін «үлкен» және «кіші» қақпаларды тұрғызу. **Нәтиже:** Шамаларды салыстырады; бөлшектерді қауіпсіздік ережесін сақтап қолданады. **Математика негіздері , құрастыру таным іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс		**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша**

		Арнайы түзетуші іс-әрекет **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	**Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	**Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	**жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ересек үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Серуенге дайындық		Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен		**Серуен картотекасы №13** **Бақылау:** Биік ағаштағы қарғаның ұясын іздеп табу. Қарғаның ұясына бұтақ тасып жүргенін бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Не биік?». Ағаштың биіктігі мен баланың бойын салыстыру. Қарға неге биікке ұя салады? (Қауіпсіздік).	**Серуен картотекасы №14** **Бақылау:** Әтештің (ойыншық немесе сурет) суретін көру. Оның басындағы қызыл айдары мен түрлі-түсті құйрығына назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Кім қатты айқайлайды?». Әтештің «ку-ка-ре-ку!» деген дауысына еліктеп, дауыс ырғағымен ойнау.	**Серуен картотекасы №15** **Бақылау:** Қаздың балапандары (сары үлпілдек) туралы әңгімелеу. Олардың анасының соңынан қалай еретінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жұмсақ мақта». Сары мақтаны ұстап көріп, оның балапанның жүні сияқты жұмсақ екенін	**Серуен картотекасы №16** **Бақылау:** Үйректің аяғының ерекшелігін (жарғақты аяқ) суреттен көру. Оның су ішкенін бақылау (басын төмен иеді). **Тәжірибе-зерттеу:** «Суды қалай ішеді?». Ойыншық үйрекке су беріп, оның тұмсығының

		Еңбек: Ауладағы ұсақ тастарды жинап, ағаш түбіне үйю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұяға қон!».** **Барысы:** Жерге бірнеше шеңбер сызылады. «Қарғалар ұшты!» — балалар жүгіреді. «Ұяға!» — әр бала бір шеңбердің ішіне тұра қалады. **Шығармашылық:** Құмнан «қарғаның ұясын» жасап, ішіне кішкентай тастарды «жұмыртқа» ретінде қою. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	**Еңбек:** Ойыншықтарды серуеннен кейін себетке реттеп жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әтеш пен тауықтар».** **Барысы:** Бір бала — «әтеш», қалғандары — «тауықтар». Әтеш айқайлағанда, тауықтар дән іздеуге шығады. **Шығармашылық:** Құм бетіне таяқшамен әтештің «тарағын» (ирек сызықтар) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	сезіну. **Еңбек:** Ауланың шетіндегі құраған шөптерді жинауға көмектесу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаз бен балапан».** **Барысы:** Балалар тізбекпен (поезд сияқты) тәрбиешінің соңынан «қаңқ-қаңқ» деп жүреді. **Шығармашылық:** Сары бормен асфальтқа кішкентай «балапандарды» (дөңгелектер) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	жалпақ екенін көру. **Еңбек:** Ойыншық ыдыстарды сумен жуу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үйректер мен қаздар».** **Барысы:** Тәрбиеші «Үйректер!» десе — балалар «бақ-бақ» дейді, «Қаздар!» десе — «қаңқ-қаңқ» дейді. **Шығармашылық:** Құмнан үйрекке арнап «көлшік» жасау және жан-жағына тастар тізу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру
Серуеннен оралу		Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет**

					етуге баулу
Кешкі ас		Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**Тақырыбы:** Табиғаттың дыбыстары. **Міндеті:** Маусымдық жауын-шашынды бақылау; дымқыл құммен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. **Қоршаған әлем:** Ауа-райының жай-күйі (жаңбырлы, бұлтты). Бақылау күнтізбесіне «жаңбыр» белгісін қою. Серуендегі қауіпсіздік: «Лас суды (шалшықты) ішпеу, сумен ойнағанда үстін былғамау». **Сурет салу:** Құмға таяқшалармен «жаңбыр тамшыларын» немесе «кішкентай көлшіктерді»	**Тақырыбы:** Қонаққа дайындық. **Міндеті:** Үшбұрыш пішінінің бұрыштарын ажырату; баспалдақпен жүру қауіпсіздігін бекіту. **Қоршаған әлем:** Топтағы қауіпсіздік: «Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан (перила) ұстау, бірін-бірі итермеу». **Жапсыру:** Үшбұрыш пішінді қағаздың (орамалдың) үш бұрышына және ортасына дайын ою-өрнектерді жапсыру. **Сурет салу:** Асфальтқа	**Тақырыбы:** Табиғат сыйы және қауіп. **Міндеті:** Бейтаныс өсімдіктердің қауіптілігін түсіндіру; мүсіндеуде пішінді келтіруді үйрету. **Қоршаған әлем:** Табиғаттағы қауіпсіздік: «Бейтаныс саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайды (улану қаупі)». Қоқысты жинау, табиғатты ластамау. **Мүсіндеу:** «Саңырауқұлақ». Ермексаздан жуан таяқша (аяғы) және жалпақ дөңгелек	**Тақырыбы:** Мен және менің достарым. **Міндеті:** Ұсақ заттармен жұмыс істеу мәдениетін бекіту; барлық шығармашылық дағдыларды қорытындылау. **Қоршаған әлем:** Ұсақ заттармен қауіпсіздік: «Мұрынға, құлаққа тықпау, ауызға алмау». Сумен және қармен (маусымға қарай) ойнағанда үстін былғамау. **Жапсыру:** Үшбұрышты

		салу. **Мүсіндеу:** Ермексаздан ұзын «құрттарды» есу және оларды шеңбер жасап біріктіру (көлшік бейнесі). **Нәтиже:** Күзгі жауын-шашын ерекшеліктерін біледі; сумен ойнау ережесін сақтайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру Қоршаған әдеммен таныстыру іс-әрекеттері**	бормен үлкен үшбұрыштар салып, олардың ішін түрлі түстермен бояу. **Нәтиже:** Үшбұрыштың бұрыштарына оюды дәл жапсырады; баспалдақта өзін дұрыс ұстайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру Қоршаған әдеммен таныстыру іс-әрекеттері**	(қалпағы) жасап, біріктіру. **Сурет салу:** Қағаз бетіне өз бетінше «Көңілді саңырауқұлақ» суретін ойдан салу. **Нәтиже:** Қандай өсімдіктердің қауіпті екенін айта алады; мүсіндеу құралдарын ұқыпты қолданады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру Қоршаған әдеммен таныстыру іс-әрекеттері**	орамалға (түрлі-түсті қағазға) дөңгелек оюларды жапсыруды қайталау. **Сурет салу/Мүсіндеу:** Құмда немесе қағазда еркін тақырыпқа сурет салу немесе мүсіндеу. **Нәтиже:** Ұсақ заттармен ойнаудың қауіпін біледі; орамал жасау әдістерін меңгереді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру Қоршаған әдеммен таныстыру іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы		Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиешілер: Баширова Лаура Қуанышқызы
Мұсагалиева Рита Ержанқызы

Тексерілді:_____
Әдіскер:Саттыкова А.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Топ: Ортаңғы «Балбөбек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **18.05.2026**	**Сейсенбі** **19.05.2026**	**Сәрсенбі** **20.05.2026**	**Бейсенбі** **21.05.2026**	**Жұма** **22.05.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау** ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренету Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.	Жақсы сөздің бала психологиясына әсері. Ата-аналар жылы сөзді жиі қолдануды әдетке айналдырады.	Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	Үйде бірге ойнау жолдары. Ата-аналар балаларымен ойынды ұйымдастырады.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** Кім тұрады терешікте? **Міндеті:** Диалогтық сөйлеуді дамыту және сұраққа дұрыс қарқынмен жауап беруді үйрету. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Сұрақ-жауап» ойыны.	**Тақырыбы:** Біз — кішкентай актерміз. **Міндеті:** Өткен ертегілер мен тақпақтарды жинақтап, көпшілік алдында көрсету. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Сиқырлы айна» ойыны. Бала	**Тақырыбы:** Әдептілік әліппесі. **Міндеті:** Сөйлеу қарқынын баяулату арқылы сөздерді анық айтуға және сыпайылыққа баулу. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Сыпайы сөйлеу» ойыны.	**Тақырыбы:** Қамқорлық пен достық. **Міндеті:** Таныс ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің көңіл-күйін (қуаныш, мұң) дауыс ырғағымен жеткізе білу. **Сөйлеуді дамыту**	**Тақырыбы:** Шешендік өнері. **Міндеті:** Дыбыстық мәдениетті дамыту: «Р» және «Л» дыбыстары бар жаңылтпаштарды айту арқылы тіл ұстарту. **Сөйлеуді дамыту барысы:** «Жаңылтпаш пойызы». «Қара қарға

	Тәрбиеші аңдардың дауысымен сұрақ қояды, балалар кейіпкердің сипатына сай (тышқан — жіңішке, аю — жуан дауыспен) жауап береді. **Көркем әдебиет барысы:** Ертегіні үстел театры арқылы сахналау. Әр бала өз кейіпкерінің тақпағын жатқа айтуы тиіс. **Нәтиже:** Сөйлеу мәдениеті жақсарады; диалогқа еркін түседі. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	айнаға қарап, бір жаңылтпашты немесе тақпақты әртүрлі эмоциямен (қуанып, таңғалып) айтып береді. **Көркем әдебиет барысы:** Ең ұнаған ертегіні немесе өлеңді таңдап, мәнерлеп айтып беруден «Кішкентай шешен» сайысын өткізу. **Нәтиже:** Сөйлеу қарқыны мен мәдениеті қалыптасады; тақпақтарды жатқа, нық айтады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	«Рахмет», «Кешіріңіз», «Сәлеметсіз бе» сөздерін баяу және анық айтып жаттығу. Тәрбиеші сұрайды: «Бұл сөздерді қалай айту керек?». Балалар: «Жайлап және жылы дауыспен» деп жауап береді. **Көркем әдебиет барысы:** Әдептілік туралы қысқа тақпақты мәнерлеп жаттау. Әдептілік дегенің - Әрқашан да амандасу. **Нәтиже:** Сыпайы сөздерді өз орнымен және дұрыс қарқынмен қолданады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**барысы:** «Кім қалай мұңаяды?». Қоянның үйінен айырылғандағы мұңын баяу дауыспен, ал достары көмектескендегі қуанышын жылдам, көңілді айтып көрсету. **Көркем әдебиет барысы:** «Түлкі мен Қоян» ертегісін маскалар киіп сахналау. Балалардың диалогқа түсуін («Қоян, неге жылайсың?») қадағалау. **Нәтиже:** Ертегі кейіпкерлерінің сезімдерін сөйлеу мәнері арқылы бере алады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	қарға қонды, Қар үстінде қарға тоңды» жаңылтпашын пойыздың жүрісі сияқты: баяу бастап, біртіндеп жылдамдатып айту. **Көркем әдебиет барысы:** «Қарға» немесе «Қыс» туралы шағын өлең жолдарын жатқа айту. **Нәтиже:** Жаңылтпаштарды айтуда сөйлеу қарқынын еркін өзгерте алады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу	**№9 жаттығу** **«Бақаның көзі»:** Саусақтардан шеңбер жасап, көзге апару. **«Бақ-бақ»:** Жүрелеп отырып, екі қолды жерге тіреп, алға қарай азғантай секіру. **«Су шашырату»:** Тұрып, қолды жан-жаққа сермеп, «сілку».	**Жаттығу №10** **«Биікпіз»:** Қолды барынша жоғары созу. **«Кішкентаймыз»:** Барынша төмен отыру. **«Күштіміз»:** Қолды бүгіп, бұлшықеттерді көрсету. (Соңында «Алақай!» деп қол шапалақтау).	**№11 жаттығу** **«Тікенектер»:** Қол саусақтарын айқастырып, жоғары созу (кірпі тікенін көрсету). **«Кірпі жиырылды»:** Жүрелеп отырып, тізені құшақтау, басты төмен түсіру (домалақ кірпі болу). **«Кірпі жүреді»:** Аяқтың ұшымен, тізені бүкпей майда адымдармен жүру.	**№12 жаттығу** **«Құлақтар»:** Саусақтарды құлаққа апарып, «шиқ-шиқ» деп дыбыстау. **«Мысықтан тығылу»:** Еңкейіп, қолмен тізені ұстау, жан-жағына қорқа қарау. **«Тышқанның жүгірісі»:** Өте жылдам, бірақ дыбыссыз бір орында жүгіру.	**№13 жаттығу** **Пілдің құлағы»:** Қолды жайып, басты оңға-солға баяу теңселту. **«Тұмсық»:** Бір қолды мұрынға апарып, екінші қолды алға созып, «пілдің тұмсығымен» су шашуды бейнелеу. **«Ауыр адымдар»:** Аяқты нық басып, баяу жүру. «Топ-топ-топ».

Таңғы ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сай ҰІӘ	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Сиқырлы дыбыстар. **Міндеті: Ұ** дыбысын сөз ішінде өздігінен дұрыс айтуға және жаңылтпаш жаттауға баулу. **Қазақ тілі барысы:** **Сөздік қор:** Жаңылтпаш жаттау: *Ұршық, ұршық, иіршік, Ұршық иірсең, үйіршік.* **Дыбыстық мәдениет:** Сөздерді қайталау: Ұлу, ұшақ, ұн, ұя. **Ұ** дыбысының анық шығуын қадағалау.	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Биіктікті бағындыру. **Міндеті:** Өрмелеу кезіндегі үйлесімділікті дамыту және ұзындыққа секіру қашықтығын сақтау. **Негізгі қимылдар:** Гимнастикалық қабырғаға (биіктігі 1,5 м) өрмелеу және одан байыппен қайта түсу. Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру. **Жүгіру:** Қарқынды өзгертіп, 10-20 метрге дейін жылдам жүгіру. **Нәтиже:** Гимнастикалық	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Тізгінді меңгеру. **Міндеті:** Велосипедті бұрылыстарда тең салмақты сақтай отырып айдауға үйрету. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен айдау. Велосипедпен оңға және солға бұрылып тебу. **Жүгіру:** Баяу қарқыннан жылдам қарқынға ауыса отырып жүгіру. **Нәтиже:** Велосипедті түрлі бағытта еркін айдайды.	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Допты басқару. **Міндеті:** Допты еденге соғып қағып алу дағдысын нығайту және жүгіру төзімділігін арттыру. **Негізгі қимылдар:** Допты төмен — еденге (жерге) соғып, оны екі қолмен қайта қағып алу. Жан-жаққа баяу айналып жүру. **Жүгіру:** Тоқтамай баяу қарқынмен 50-60 секунд ішінде шеңбер бойымен жүгіру. **Нәтиже:** Допты жерге	**Музыка** **Тақырыбы:** Күшті және әлсіз дыбыстар. **Міндеті: Барабан** мен **маракастың** дыбысталу ерекшелігін көрсету, ырғақты сезінуге баулу. **Музыка барысы:** Барабанды таяқшамен қағып, «дүсілдеген» дыбыс шығару. Маракастың «сыбдырлаған» дыбысымен таныстыру. «Жаңбыр» жаттығуы: Барабанда жаңбырдың қатты дүсілін (қатты соғу), маракаста ұсақ жаңбырдың сыбдырын (ақырын сілку) көрсету.

	Нәтиже: Жаңылтпаштың бірнеше жолын жатқа айтады; **Ұ** дыбысын дұрыс дыбыстайды. **Қаржылық сауаттылық, Үнемдеу дағдысы Іс-әрекет: «Ойыншықтар ауруханасы»**. Сынған немесе жыртылған кітапты көрсету. «Кітап ауырып қалды, оны күтпесек, жаңасын алу керек болады». Баламен бірге кітапты желімдеу. **Ойын: «Қайсысы маңызды?»**. Екі сурет көрсету: «Нан» және «Ойыншық». Қайсысын бірінші алу керек екенін түсіндіру (тамақ — бірінші кезекте). **Дағды:** Тамақты соңына дейін жеу — «ысырап жасамау» екенін үйрету.	қабырғаға еркін өрмелейді және белгіленген қашықтыққа секіреді. **Құқықтық сауаттылық дағдысы Іс-әрекет: «Көңіл-күй айнасы»**. Айна алдында тұрып: «Мен қуаныштымын», «Мен ренжулімін» деп түрлі эмоцияларды көрсету. «Сенің ренжуіңе болады, бірақ досыңды ұруға болмайды».	**Өнегелі минут Іс-әрекет: «Жылы алақан»**. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жылулық сезіну. «Досыңды ренжітпе, ол сенің досың». **Дағды:** Үлкен адам бөлмеге кіргенде орын беру немесе сәлемдесуді «ойын» түрінде көрсету.	соғып, мүлт жібермей қағып алады. **Қауіпсіздік дағдысы Тәжірибе: «Тәтті ме, ащы ма?»**. Дәрілердің кәмпитке ұқсайтынын, бірақ оны үлкендерсіз ішуге болмайтынын, іші ауырып қалатынын түсіндіру.**Ойын: «Бағдаршам»**. Қызыл түс — «Тоқта!», Жасыл түс — «Жүр!». Түрлі-түсті шеңберлер арқылы көше ережесін ойынмен сіңіру.	**Адалдық әліппесі бойынша Ойын: «Кім жоғалтты?»**. Жерде жатқан қол орамалды немесе ойыншықты тауып алып, «Бұл кімдікі?» деп сұрау. Өзгенің затын иеленбеуге баулу. **Іс-әрекет: «Шыныңды айт»**. Егер бала байқаусызда су төгіп алса немесе бірдеңені бұлдірсе, қорықпай айтуға үйрету. «Айтқаның — адалдығың».**Дағды:** Берген уәдеде тұру. «Қазір жинаймын дедің бе — жинау керек».

2-ші таңғы ас	Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Ботқаның пайдасы туралы қысқа әңгіме айту. Балаларға ботқаның қандай дәмде (тәтті, тұзды) болатынын сұрау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен №17** **Бақылау:** Құстардың жерден не іздейтінін (құрт, дән) бақылау. Олардың тоқтамай жұмыс істейтінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дән қайда тығылды?». Құм арасына дәндерді тығып, оны таяқшамен іздеп табу	**Серуен№18** **Бақылау:** Жел соққанда құстардың қалай ұшатынын көру. Желдің бағытын бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Желдің күші». Қолға лента алып, оның желмен қалай желбірейтінін көру. **Еңбек:** Жел ұшырып әкеткен ойыншықтарды орнына жинау.	**Серуен№19** **Бақылау:** Ағаш басындағы құстардың әртүрлі дауысын тыңдау. Көктемде олардың көңілді екенін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дыбысты қайтала». Тәрбиеші ысқырады немесе дыбыс шығарады, балалар соны қайталайды. **Еңбек:** Ағаш түбіне су	**Серуен №20** **Бақылау:** Ауладағы барлық құстарды (торғай, көгершін, қарға) қайта тану. Олардың бізге пайдасы туралы айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Бинокль». Қолды дүрбі қылып, алыстағы құстарды «бақылау». **Еңбек:** Серуен алаңын мерекеге	**Серуен №21** **Бақылау:** Құстардың ұяда тыныш отырғанын бақылау. Олардың жұмыртқа басып жатқанын, сондықтан шуламау керектігін түсіндіру. **Тәжірибе-зерттеу:** «Пішін тану». Тас пен сопақша ойыншықты салыстырып, құстың жұмыртқасы қандай

	(құстардың еңбегін сезіну). **Еңбек:** Құстарға нан қоқымдарын ұсақтап дайындау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Дән шоқы».** **Барысы:** Балалар жүрелеп отырып, екі саусағымен жерді «тоқ-тоқ» етіп ұрады (дән шоқиды). **Шығармашылық:** Құм бетіне саусақпен «көп дән» (кішкентай шұңқырлар) жасау. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жел мен торғайлар».** **Барысы:** Тәрбиеші үрлесе (жел) — торғайлар тығылады, тоқтаса — ұшады. **Шығармашылық:** Асфальтқа көк бормен «желдің ізін» (толқынды сызықтар) салу. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	құю (құстар отыратын ағаш шөлдемесін). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қай құс шақырды?».** **Барысы:** Тәрбиеші арқасын беріп тұрып дыбыстайды (қар-қар немесе гу-гу), балалар қай құс екенін табады. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті қақпақтардан құм бетіне «сиқырлы құс» құрастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	дайындағандай тазалап жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты мерекесі».** **Барысы:** Барлық үйренген құстардың қимылын кезекпен жасап, музыкамен билеу. **Шығармашылық:** Асфальтқа түрлі-түсті борлармен «Құстарға сыйлық» (гүлдер мен дөңгелектер) салу. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	болатынын (сопақша) талқылау. **Еңбек:** Ағаш түбіне құстарға арнап жұмсақ шөптер мен мақта үзінділерін себу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы торғайлар».** **Барысы:** Жерге шеңберлер сызылады. Балалар «ұяда» отырады. Тәрбиеші «Күн жылынды!» десе — ұшады, «Түн болды!» десе — тез ұяларына келіп тығылады. **Шығармашылық:** Құмнан «ұя» жасап, ішіне ақ тастардан «жұмыртқа» орналастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге

	мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**		баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. Балаларға қиял әлемін сыйлап, оянуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!" **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж доптары қолдану	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
